

ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

Қ. Т. Қыстаубаева

В этой статье рассматриваются основные понятия о подвижных играх и классификация коллективных подвижных игр.

In this article the basic concepts about outdoor games and classification of collective outdoor games are considered.

Ойын – тарихи қалыптасқан, адамға тән қоғамдық құбылыс, қызмет етудің дербес түрі.

Ойындар алуан түрлі болады: ойыншықтармен ойналатын балалар ойыны, үстел үсті ойындары, қол ұстасып айналу ойындары, қозғалмалы ойындар, спорттық ойындар.

Ойын өзін-өзі тану, көңіл көтеру, демалу құралы, дене және жалпы әлеуметтік тәрбие беру құралы, спорт құралы бола алады.

Ойын мәдениет элементі ретінде адамдардың әртүрлі қажеттіліктерін: көңіл көтеру, демалыс, рухани және дене күштерін дамытуды қанағаттандыра отырып, қоғамның мәдениетімен бірге дамиды.

Ойын ойнау мәдениеттің бір элементі болып қана қоймайды, ол балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудің пайдалы құралы болып табылады. Ол барлық уақытта мақсатты және алға қойған мақсаттардың көптүрлілігімен және дәлелді қимылдармен сипатталады. Ойын ойнау, әсіресе, балалар жасында еңбекпен ортақ сипатта болады. Бірақ ойын ойнау үдерісінде адам өмірдегі қажеттіліктерді қанағаттандыратын заттай құндылықтарды жасай алмайды. [1]

Ойын - өте әсер еткіш қызмет, сондықтан оның балалар мен жастарды тәрбиелеу жұмысында маңызы зор. Кең таралған ойын түрлері ішінен балалар мен жасөспірімдерге ең танымалысы – қозғалмалы ойындар. Енді әңгімеге арқау болатын сол ойындар. [2]

Қозғалмалы ойындардың ерекшеліктері ойын ішінде айқын көрінетін қозғалыстардың рөлі болып табылады (жүгіру, секіру, лақтыру, лақтырып тастау, доп беру және қағып алу, қарсылық көрсету және т.б.). Бұл қозғалыс қимылдары оның сюжетімен дәлелденеді (тақырыбы, идеясы). Олар ойын мақсатына жету жолында қойылған әртүрлі қиындықтар, тосқауылдарды алуға бағытталған.

Қозғалмалы ойындардың өзі (қарапайым) және спорттық ойындар болып бөлінеді.

Қозғалмалы ойындардың өзі (қарапайым) ойыншылардың өзі ерікті түрде белгілеген шартты түрдегі мақсатқа жетуге бағытталған саналы ынталы қызметі болып табылады. Мақсатқа жету ойыншылардың өз шығармашылығы мен ынтасына байланысты ойыншылардың белсенді қозғалыс әрекет етуін талап етеді (мәреге тез жүгіріп жету, нысанаға жылдамдық лақтыру, «қарсыласын» тез және ептілікпен қуып жету және одан қашып құтылу және т.б.).

Қозғалыс әрекеттері ойын ережелерімен белгіленеді, оларды орындау ойыншылардың тиісті ынталы белгіленген ережелер шеңберіндегі қимылдарын талап етеді. Ережелер ойындағы тосқауылдар мен қиындықтардың мақсатқа жету

жолындағы сипатын анықтайды. Ойынның өзінің де күрделілігі ережелердің күрделілігі мен санына байланысты.

Қозғалмалы ойындардың өзі қатысушылардан арнайы дайындықты талап етпейді. Олардағы ережелерді ойын өткізілетін жағдайларға қарай қатысушылардың өзі де жетекшілері де өзгерте береді. Оларда дәл белгіленген ойыншылар саны, алаң өлшемі жоқ, құрал-жабдықтар да өзгере береді (гүрзі немесе кегли, волейбол немесе қарапайым доп, кішкентай доптар немесе ішіне бұршақ толтырылған қапшықтар, гимнастикалық немесе жәй таяқша және с.с.).

Спорттық ойындар - қозғалмалы ойындардың жоғарғы сатысы. Олардың ережелері қатаң реттелген, оларды өткізу үшін арнайы алаңдар мен жабдықтар керек. Спорттық ойындарға қозғалыстардың күрделі техникасы және ойын үдерісіндегі белгілі қимыл тактикасы тән. Бұл қатысушылардан арнайы дайындықты, жаттығуды талап етеді. Әр спорттық ойын дәл белгіленген ойыншылар санына, белгілі алаңға, құрал-жабдыққа есептелген.

Кейбір спорттық ойындарда жекелеген ойыншылардың мамандануы керек болады (шабуылшылар, қорғаушылар, қақпашылар және т.б.). Спорттық ойындар әр ойынның қатаң ережелеріне сәйкес арнайы төрешілікті талап етеді. Кейбір спорттық ойындар қатысушылар құрамына қарай (мектеп оқушылары немесе ересектер, ерлер немесе әйелдер) кішігірім өзгеріске ұшырайды. [1]

Спорттық ойындар спорт түрлеріне жатады. Олар бойынша әртүрлі деңгейде жарыстар өткізіледі. Спорттық ойындар бойынша жарыстардың нәтижесінде үздік ойыншыларға спорттық дәрежелер мен атақтар беріледі.

Кейбір қозғалмалы ойындар (мысалы, «Русская лапта», «Городки», «Волейбол» және т.б.) шұғылданудың алға қойылған мақсаты мен оларды ұйымдастыру тәсілдеріне байланысты кейбір жағдайларда қозғалмалы ойындардың өзі (қарапайым) сипатында, ал кейбір жағдайларда спорттық ойындар ретінде өткізіледі. Мысалы, қатысушылар кездейсоқ жиналған кезде (демалыс үйлерінде, қыдырыста) олар қозғалмалы ойындардың өз сипатында болады.

Қозғалмалы ойындар балалар мен жастардың жалпы дене тәрбиесінің құралы ретінде, сондай-ақ спорттық ойындарға және спорттың басқа түрлеріне, нормативтер тапсыруға дайындық құрал ретінде қолданылады.

Қозғалмалы ойындар жеке (жалғыз адамдық) болуы мүмкін, оны көбінесе балалардың өздері ұйымдастырады (доп ойнау, секірме жіппен ойнау, «классики» ойнау, шеңберді жүргізу және т.б.). Оларды педагог-тәрбиешілер мен жетекшілер балалардың бос уақытын өткізу, белсенді демалысын ұйымдастыру мақсатында пайдаланады (үзілістерде, ұзартылған күн тобында және басқа жағдайларда).

Ұжымдық (топтық) қозғалмалы ойындар ерекше педагогикалық мәнге ие, оларға ойыншылар топтары, сыныптар, ұландар буындары, отрядтар, спорт секциялары қатысады.

Барлық ұжымдық қозғалмалы ойындарға жарысу элементі тән (әркім өзі үшін немесе әркім өз ұжымы үшін), сондай-ақ белгіленген мақсатқа жету үшін өзара көмек, өзара қол ұшын беру тән. Ұжымдық ойындардың тағы бір ерекшелігі – оның ойын барысында ойыншылардың реакциясының шапшаңдығын талап ететін жағдаяттың үнемі өзгеріп тұруы. Сондықтан ойын барысында үнемі өзара қарым-қатынас та өзгеріп тұрады: әркім өзі үшін немесе өз ұжымы үшін «қарсыласына» қарағанда барынша қолайлы жағдай туғызуға тырысады.

Қозғалмалы ойындар бойынша жарыстар өткізіледі. Оларды жекелеген ойын түрлерінен өткізуге болады, олардың тапсырмалары шамамен бір жастағы, біртекті сыныптар оқушыларының дене мүмкіндіктеріне сай келуі керек. Бірақ құрамына әртүрлі машықтар мен қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал ететін әртүрлі ойындар енгізілген қозғалмалы ойындар кешені бойынша жарыстар өткізу педагогикалық жағынан бағалырақ болады. Қозғалмалы ойындар кешені бойынша жарыстарға әртүрлі жастағы балалар, жастар мен ересектер қатыса алады, бірақ олардың ойындарындағы тапсырмалар әртүрлі болуы керек.

Қозғалмалы ойындар бойынша жарыстардың бұл көп нұсқалылығы оларды қатаң реттелген ережелері мен шарттары бар спорт ойындарынан аса қатты ерекшелендіреді.

Әрбір қозғалмалы ойынның өз мазмұны, нышаны (құрылысы) және әдістемелік ерекшеліктері бар.

Қозғалмалы ойынның мазмұнына сюжет (бейнелі немесе шартты ой-жоспар, ойын жоспары), мақсатқа жету үшін ойынға енгізілген ережелер мен қозғалыс әрекеттері кіреді.

Қозғалмалы ойынның нышаны - алдына қойған мақсатқа жетудің тәсілдерін кеңінен таңдауға мүмкіндік беретін қатысушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру. Бір ойындарда қатысушылар өздерінің жеке мүдделеріне жету үшін жекеше немесе топпен қимылдайды, ал екіншісінде – өз ұжымының, өз командасының мүддесін қорғай отырып, ұжыммен қимылдайды. Ойын үшін қатысушыларды әр түрлі тұрғызу (шашыраңқы, дөңгелек бойымен, бір қатарға тұру) қолданылады. [2]

Ойынның нышаны мазмұнына байланысты және оған бағынышты.

Ойынның әдістемелік ерекшеліктері оның мазмұны мен нышанына байланысты. Қозғалмалы ойындардың әдістемелік ерекшеліктеріне жатады: а) бейнелілік; ә) ережелермен шектелген, мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттердің дербестігі; б) ережелерге сәйкес іс-әрекеттердегі шығармашылық ынталылық; в) сюжетке сәйкес ойында жекелеген рөлдер атқару, бұл ойынға қатысушылар ұжымында белгілі қарым-қатынастарды қалыптастырады; г) тұтқиылдық, ойыншылар реакциясының шапшандығын, ынталылықты талап ететін ойындағы жағдаяттың өзгергіштігі; д) күшті толық жұмылдыруды талап ететін және ойынның әсерлілігін көтеретін ойындағы жарыс элементтері; е) жоғары әсершіл қабілетті туғызатын ойындық «қақтығыстарды» шешудегі қарама-қарсы мүдделердің беттесуі.

Қозғалмалы ойындар дене тәрбиесінің құралы ғана емес, әдісі де болып табылады. Тәрбие берудегі ойын әдісі деген ұғым ойынның әдістемелік ерекшеліктерін көрсетеді, яғни, оны әдістемелік жағынан басқа әдістерден айырмашылығын көрсетеді (жарыс элементтері, сюжеттілік, бейнелілік, мақсатқа жетудің әртүрлі тәсілдері, іс-әрекеттің салыстырмалы түрде дербестігі).

Ойын әдісі, негізінен, күрделенген көп нұсқалы жағдайларда қозғалысты кешенді жетілдіру үшін пайдаланылады.

Қозғалмалы ойындар дене тәрбиесінің құралы және ойын әдісі ретінде дене қасиеттерін тәрбиелеу және жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, қозғалмалы ойындарда гимнастика, жеңіл атлетика, шаңғы, конькимен сырғанау және басқа спорт түрлері сабақтарынан алған кейбір машықтар мен дағдылар және табиғи қозғалыстар жетілдіріледі және бекітіледі.

Педагогикалық практикада қозғалмалы ойындардың негізгі екі түрі қолданылады:

1. **Еркін, шығармашылық немесе ерікті ойындар**, мұнда қатысушылардың өздері ойын жоспарын анықтайды да өздері алға қойған мақсатты жүзеге асырады. Нәрестелік, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда олар көбіне сюжеттік болып келеді, рөлдер сюжетке байланысты бөлінгендіктен, ондай ойындарды психологтар рөлдік деп атайды. Олар жалғыз және топ болып ойналатын болуы мүмкін.

2. **Белгілі ережелері бар ұйымдастырылған қозғалмалы ойындар**, бұл ойындар ересек жетекшілердің немесе бастаушы-балалардың өздерінің басшылық етуін қажет етеді.

Олар мазмұны мен күрделілігі жөнінен әртүрлі болып келеді:

а) қарапайым, командалық емес қозғалмалы ойындар , мұнда әр қатысушы ережелерді сақтай отырып, тек қана өзі үшін күреседі. Олардағы барлық күш жеке баланың жетілуіне, басқалардан ептілік, мергендік, күштілік, шапшаңдық және басқа қасиеттер бойынша жеке басымдыққа жетуге бағытталған. Бұл ойындарда жеке ынта мен өзінің жеке басының қасиеттерін, қозғалу мүмкіндіктерін тиімді пайдалану басты маңызға ие болады;

ә) күрделірек, командалық ойындарға ауысатын қозғалмалы ойындар, мұнда ойыншылар алдымен өз мүдделерін қорғайды, бірақ кейде өз еркімен жолдастарына көмектесіп, оларға қол ұшын береді, оларға ойындағы шабуылшыдан құтылуға көмектеседі («Салки –қолынды бер», «Тұтқын алып қашу»). Кейде ойыншы мақсатына жету үшін басқа ойыншылармен уақытша ымыраға келуі мүмкін. Кейбір ойындарда бұл ережеде қарастырылған («Ақ аюлар», «Қара балықтар мен шортан»);

б) командалық қозғалмалы ойындар , мұнда ойыншылар бөлек ұжымдар – командалар құрады. Олар ортақ мақсатқа жұмылған, жеке мүдделерін ортақ мүддеге бағындырған командалардың бірлескен қимылымен сипатталады. Команда ойынының табысты болуы әр ойыншының әрекетіне байланысты болады. Командалық ойында өз әрекеттерін жолдастарының әрекеттерімен үйлестіру керек. Командалық ойындарда көбінесе қимылдарды үйлестіру және ойынға жалпы басшылық жасау үшін ойыншылар ішінен командалар капитанын сайлау қажеттілігі туады, оған бағыну ойыншылардың барлығы үшін міндетті болып табылады. [1]

Командалық ойындардың кейбіреуі жартылай спорттық сипатта болады: олар қозғалыс техникасы, ойын тактикасы жөнінде күрделірек және белгілі ережелер бойынша жүргізіледі. Кейбір ойындарда рөлдерді мамандандыру керек болады. Мұндай ойындар кейбір жинақтарда жартылай спорттық деп аталады («Пионербол», «Доп – капитанға», «Пионерлік лапта»).

Қозғалмалы ойындарды топтастыру (қарапайым топтау). Педагогика ісінде қозғалмалы ойындар арқылы жұмыс жағдайына қарай әртүрлі педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру үшін ойындар арнайы іріктеуді талап етеді. Ол үшін белгілері ұқсас ойындардың жұмысшы топтары құрылады.

Ойындар төмендегідей болып бөлінеді:

1. Мазмұнының күрделілік дәрежесі бойынша: ең қарапайымынан күрделірегіне қарай (жартылай спорттық).

2. Жас ерекшеліктеріне қарай балалардың жасы бойынша (7-9, 10-12, 13-15 жастағы балаларға арналған ойындар). Осы белгі жалпы білім беретін мектептерге арналған дене тәрбиесі бағдарламасында да пайдаланылған (1-3, 4-8 сыныптарға арналған ойындар).

3. Ойында көп қолданылатын қозғалыс түрлері бойынша (жалпы дамыту жаттығуларының элементтері бар ойындар, жүгіретін ойындар, бір орында тұрып және екпінмен жүгіріп келіп биіктікке, ұзындыққа секіруге қатысты ойындар, жылжымалы және жылжымайтын нысанаға лақтыру ойындары, доп лақтару мен қағып алу ойындары, шаңғымен жылжу ойындары, конькимен жылжу ойындары).

4. Ойында көп көрінетін дене қасиеттері бойынша (көбінесе күш, төзімділік, ептілік, шапшаңдық, иілгіштікті тәрбиелеуге ықпал ететін ойындар). Бұл қасиеттер көбінесе бір-бірімен ұштасып жатады. Ойындарды қозғалыс түрлері бойынша және дене қасиеттері бойынша бөлу, негізінен, дене тәрбиесі сабақтарының барлық нышандарында пайдаланылады.

5. Спорттың жекелеген түрлеріне дайындайтын ойындар. Қозғалмалы ойындарды техника мен тактиканың жекелеген элементтерін бекіту және жетілдіру үшін, спорттың қандай да болмасын түріне керекті дене қасиеттерін тәрбиелеу үшін пайдалану.

6. Ойыншылардың қарым – қатынасына байланысты:

а) ойыншылар «қарсыласымен» тікелей жанаспайтын ойындар;

ә) ойыншылар «қарсыласымен» шектеулі мөлшерде ғана жанасатын ойындар;

б) «бәсекелестер» бір-бірімен тікелей күресетін ойындар. Кейбір педагогтар ойындарды ойыншылардың қарым-қатынасы ұстанымы бойынша бөлгенде, оларды әркім басқаларға қатыссыз өз мақсатын көздейтін «қарапайым» ойындар және ойыншылар топ, команда, партияларға бөлініп, өз командасының мүддесін қорғайтын «күрделі» ойындар деп бөледі. [1]

Ойындар жұмыс жағдайының әр-қилылығына байланысты басқа да белгілер бойынша топтастырылады:

а) сабақты ұйымдастыру нышаны бойынша (сабақ үстіндегі ойын, үзілістегі ойын, буын, отряд жиынындағы ойын, мерекедегі ойын және т.б.); ә) моторлық тығыздық сипаты бойынша (көп, орташа қозғалысты ойындар, аз қозғалысты ойындар); б) маусым және жұмыс орнына қарай (жазғы, қысқы, жай ішіндегі, ашық аспан астындағы, қар алаңындағы, мұз үстіндегі).

Ойындарды алға қойылған педагогикалық мақсаттарды жүзеге асыру үшін әртүрлі жағдайларда бұдан да егжей-тегжейлі бөлу үшін олардың бірнеше белгілері бір мезгілде есепке алынады. Олардың ішіндегі ең негізгісі – балалар мен жасөспірімдердің жасы мен дайындығы, ойынға кіретін қозғалыстардың түрі, осы ойында көрінетін басым адамгершілік-ерік және дене қасиеттері, ойыншылардың жақсы қарым-қатынасы.

Ойындардың жекелеген топтарын біріктіре отырып, профессор В.Г.Яковлев ойынға қатысушылардың қарым-қатынасы мен өзара іс-қимылы ұстанымдары негізінде ұжымдық қозғалмалы ойындардың төмендегі педагогикалық топтастырылуын ұсынды.

Бұл топтастыру педагогқа балалар бойында ұжым мүддесін түсінуді тәрбиелеуге бағыт береді.

Ойын материалын бұлай бөлу жекелеген ойындар арасында әдістемелік бірізділік орнатуды жеңілдетеді, ойынның мазмұны мен нышаны бойынша күрделілік дәрежесін анықтауға көмектеседі.

ҰЖЫМДЫҚ ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ



Әдебиеттер:

1. Былеева Л.В., Коротков И.М. Подвижные игры пособие для институтов физической культуры. Москва 1982г. Физкультура и спорт.
2. Былеева Л.В. Коротков И.М., Яковлев В.Г. Подвижные игры. Учеб. пособие для институтов физкультуры, 1974ж.